

## Мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмектер көрсету туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 22 желтоқсандағы N 25-5 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 14 қаңтарда N 7-13-120 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 34-12 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау аудандық мәслихатының 24.12.2010 № 34-12 шешімімен**

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4 тармақшасын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15 тармақшасын және Қазақстан Республикасының "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20 бабын басшылыққа алып, Шыңғырлау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Дербес зейнеткерлерге ай сайын әлеуметтік көмек 1 ең төменгі есептік көрсеткіш көлемінде белгіленсін.

2. Бейбіт кезеңде қаза болған жауынгерлер отбасыларын материалдық қолдауға 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап ай сайын 1 (бір мың) теңге мөлшерінде белгіленсін.

3. Жерлеуге төленетін әлеуметтік көмек азамат қайтыс болған жағдайда оның отбасына немесе жерлеуді жүзеге асыратын адамға отбасының табыстарына қарамастан 10 ең төменгі есептік көрсеткіш мөлшелерінде белгіленсін.

Қайтыс болған адамның қайтыс болған күнінен бастап 1 жыл аралығында а р ы з д а н у ы к е р е к .

**Ескерту. 3 тармаққа өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан Шыңғырлау аудандық мәслихаттың 2010.04.15 N 28-5 Шешімімен.**

4. Жеңіс күніне - Ұлы Отан Соғысына қатысқандарға 50 000 теңге, Ұлы Отан Соғысының мүгедектеріне 50 000 теңге, ауған соғысы ардагерлеріне 10 000 теңге, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің қайта некеге тұрмаған жесірлеріне 5 000 теңге, бейбітшілік уақытында қайтыс болған Ұлы Отан Соғысына қатысқандардың жұбайларына 5 000 теңге, тыл еңбеккерлеріне 3 000 теңге көлемінде белгіленсін.

**Ескерту. 4 тармаққа өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан Шыңғырлау**

аудандық мәслихаттың 2010.02.25 N 27-2, 2010.04.15 N 28-5 Шешімдерімен.

5. Туберкулез ауруымен ауыратын азаматтарға құжаттануға және қосымша тамақтануға жылына бір рет 6 ең төменгі есептік көрсеткіш мөлшерінде қаражат б ө л у б е л г і л е н с і н .

Ескерту. 5 тармаққа өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан Шыңғырлау аудандық мәслихаттың 2010.02.25 N 27-2 Шешімімен.

6. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан Соғысына соңғы шақырылған әскери қызметшілерге көрсетілетін ай сайын әлеуметтік көмек 2,9 ең төменгі есептік көрсеткіш көлемінде белгіленсін.

7. Халықтың әлеуметтік жағынан дәрменсіз топтарына әлеуметтік көмек 3 000 (үш мың) теңгеден 20 000 (жиырма мың) теңге көлемінде белгіленсін.

8. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Т. Б. Уразов*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*М. Ж. Малтиеv*